

**8D02194 - Эстрада өнері мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған
Мухсинова Мерует Жақсыбекқызының «Қазіргі поп-орындаудағы
қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының модификациясы»
мәтініне жазылған докторлық диссертациясына
АҢДАТПА**

Жаһандану заманында мәдени алуантүрлілік біртіндеп тегістеліп, ұлттық бірегейліктің болашағы туралы күрделі сұрақтар тудыруда. Бұл жағдайда дәстүрлі негіздерді заманауи шығармашылықпен ұштастыру мәдени кеңістікті сақтаудың тиімді жолдарының бірі ретінде танылып келеді. Аталған үдеріс музыкалық өнерде, әсіресе вокалдық орындаушылықта, айқын көрініс табады. Қазіргі поп-музыкада дәстүрлі қазақ ән мәнерінің элементтерін қолдану -ұлттық музыкалық тілді жаңа форматтарда жеткізудің ғана емес, қазақ мәдени болмысын әлемдік аренаға таныстырудың да тиімді тәсілі. Бұл орайда дәстүрлі ән айту техникаларының маңызы тек орындаушылық шеберлікпен шектелмейді: олар эмоционалдық тереңдікті, бейнелі-мазмұндық күрделілікті және көркемдік экспрессивтілікті бір мезгілде қамтамасыз ететін синтетикалық құрал болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Президент Қ.К.Тоқаевтың «ұлттық құндылықтарды қорғай білмесек, келер ұрпақ бізді кешірмейді» деген тұжырымы [1] таңдалған тақырыптың мемлекеттік даму стратегиясымен тікелей сабақтастығын айғақтайды. Бұл контексте орындаушылық өнер де назардан тыс қалмайды: қазіргі қазақ поп-вокал өнері дәстүрлі ән айту техникаларын қайта ой елегінен өткізіп, оларды әлемдік вокалдық тәжірибемен үйлестіру арқылы жаңа орындаушылық үлгілерді қалыптастыруда. Осы мақсатта модификация тәсілі негізгі әдіснамалық құрал ретінде қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты: қазақ дәстүрлі ән айту техникаларының заманауи поп-орындаушылықтағы модификациясын жүйелі талдау негізінде олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ролін анықтау.

Қойылған мақсатқа сәйкес төмендегі **міндеттер** белгіленді:

- вокалдық орындаушылықтағы «техника» ұғымының тарихи-философиялық және теориялық қалыптасу негіздерін зерделеу;
- поп-вокалдық орындаушылықтың эволюциясы аясында модификация құбылысының мазмұны мен қызметін теориялық тұрғыдан саралау;
- қазіргі поп-музыкадағы вокалдық техникаларды зерттеудің әдістемелік тәсілдерін айқындау;
- қазақ дәстүрлі әншілік өнеріне тән вокалдық техникалардың құрылымдық, интонациялық, артикуляциялық және стильдік ерекшеліктерін анықтау;
- метамодернизм парадигмасы шеңберінде дәстүрлі қазақ ән айту техникаларының заманауи поп-вокалда модификациялану тәсілдерін талдау;
- жаһандану жағдайындағы поп-вокалдық техникалардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ролі мен даму болашағын теориялық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу нысаны: Қазақстанның қазіргі поп-музыкасындағы вокалдық орындаушылық тәжірибесі.

Зерттеу пәні: отандық поп-вокалдағы дәстүрлі ән айту техникаларының модификациялану сипаты мен көріністері.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі төрт өзара толықтырушы бағытта қалыптасады.

Музыкологиялық бағыт Б. Нетлдің инвариантты ядро концепциясына [2] және А. Мерриамның «мәдениеттегі музыка» тұжырымдамасына [3] сүйенеді; қазақстандық этномузыкологтар А. Жұбанов [4], С. Елеманова [5], С. Утегалиева [6], А. Байгаскина [7] еңбектері ұлттық вокалдық жүйенің зерттеу базасын қалыптастырады.

Эстетикалық бағыт Т. Вермюлен мен Р. ван ден Аккердің метамодернизм концепциясына [8] негізделіп, дәстүр мен заманауи поп-форматтың арақатынасын иерархиялық емес, осцилляциялық синтез ретінде түсіндіреді.

Мәдени бағыт Х. К. Бхабханың «үшінші кеңістік» теориясына [9] сүйеніп, поп-вокалдағы дәстүрлі техниканың мәдени жоғалту емес, жаңа орындаушылық өнімді тудыратын гибридтік кеңістік екенін негіздейді.

Саяси бағыт Э. Саидтың постколониялық теориясы [10], Г. Спивактың субалтерн дауысы [11] және В. Миньолонның деколониалды опция тұжырымдамасы [12] арқылы модификацияны кеңестік норматив жүйеге қарсы мәдени-саяси акт ретінде бағалайды. Осы теориялық негізге сәйкес зерттеудің басты әдіснамасы ретінде музыкалық этнография таңдалды.

Зерттеу барысында келесі **зерттеу әдістер** қолданылды:

Жүйелі әдеби шолу әншілік өнердің тарихи-теориялық негіздерін орындаушылық және стилистикалық тұрғыдан кешенді қарастыруға мүмкіндік берді; қазақ әншілік дәстүрінің мәдени-тарихи факторлар ықпалымен қалыптасу заңдылықтары осы әдіс арқылы зерделенді.

Музыкалық-теориялық және орындаушылық талдау дәстүрлі қазақ ән техникаларының ішкі құрылымын ашуға, сондай-ақ олардың заманауи поп-музыкадағы функциясы мен көрінісін теориялық тұрғыдан негіздеуге қолданылды.

Салыстырмалы талдау (компаративистика) қазақтың заманауи вокалдық орындаушылық тәжірибесін дәстүрлі ән айту өнері мен батыстық джаз, рок және поп музыкасы техникаларымен өзара байланысы аясында зерделеуге негіз болды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Зерттеудің пәнаралық сипатына орай пайдаланылған ғылыми әдебиет бес блокқа жүйеленді.

Бірінші блок - қазақ дәстүрлі музыкасы мен этномузыкатану. А. Затаевич [13], А. Жұбанов [4], Б. Ерзакович [14] еңбектері дәстүрлі музыканың тарихи-теориялық негіздерін ашты; М. Ахметова [15], С. Елеманова [5], С. Утегалиева [6], А. Байгаскина [7], А. Мухамбетова [16], Г. Бегалинова [17] және Д. Амирова [18], А. Бердібай [19] мен Ә. Сабырованың [20] зерттеулері дәстүрлі ән модельдеріне байланысты еңбектері отандық әншіліктің ерекшеліктерін айқындауда бағдар болды.

Екінші блок -дәстүрлі ән орындаушылығының тарихи-теориялық мәселелері. Б. Бәбіжан [21], С. Жанпейісова [22], Е. Шүкіманов [23] еңбектері дәстүрлі вокал техникаларының поп-вокалмен сабақтастығын қарастыруда теориялық тірек болды.

Үшінші блок -эстрада өнері мен поп-музыка. Г. Абдрахман [24], А. Айтуарова [25], И. Кайсиди [26], Б. Мухитденова [27] және басқалардың зерттеулері отандық поп-вокалдың даму үрдістерін бағалауға мүмкіндік берді.

Төртінші блок -философия, постколониализм және метамодернизм. Э. Саид [10], Х. Бхабха [9], Б. Неттл [2], А. Мерриам [3], Т. Вермюлен мен Р. ван ден Аккер [8], В. Миньоло [12] еңбектері зерттеудің концептуалдық негізін қалады.

Бесінші блок -филология мен мәдениеттану. М. Әуезов [28] пен А. Сейдімбектің [29] зерттеулері дәстүрлі вокал өнерінің рухани-мәдени семантикасын ашуға ықпал етті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. «Дәстүрлі вокал техникаларын модификациялау» ұғымы үш өлшемді аналитикалық анықтама арқылы алғаш рет теориялық тұрғыдан нақтыланды: генетикалық ядроның тұрақтылығы, функционалдық өрістің өзгеруі және семантикалық мазмұнның жаңа мәдени ортаға бейімделуі. Бұл анықтама модификацияны трансформация мен стильдік синтез категорияларынан ажыратып, оның дербес ғылыми мәртебесін белгілейді.

2. Модификацияның негізгі механизмі ретінде секуляризация үдерісі жүйелі зерделенді. Афроамерикалық госпел вокалы мен қазақ дәстүрлі әндерінің салыстырмалы талдауы негізінде діни-ғұрыптық контексте туындаған вокалдық кодтардың жаңа функционалдық ортаға ауысу заңдылықтары анықталды.

3. Қазақ дәстүрлі вокалының инвариантты өзегі типологиялық тұрғыдан алғаш рет жіктелді: жылжымалы интонациялық жүйе, полиритмиялық тыныс логикасы (5/8, 7/8), одағайдың семантикалық функциясы, жыр регистрінің икемділігі және қайырма өрнектері. Осы өзектің сақталуы модификация барысындағы аутенттілік пен жаңашылдықтың үйлесімін қамтамасыз ететіні дәлелденді.

4. Авторлық «далалық эстетика» концептісі нақты параметрлер арқылы негізделді: дауыстың кеңістікте еркін таралуы, регистр икемділігі, тембрдің құбылмалы қозғалысы және домбырамен акустикалық симбиоз. Бұл концепт қазақ орындаушыларының поп форматтағы онтологиялық ұстанымын білдіреді.

5. Қазақ вокал дәстүріндегі одағайлардың («ай», «ой», «дүние-ай») субвербальды семантикалық қызметі жүйелі талданып, олардың поп форматтағы екі функциясы -вокализдік және кульминациялық-құрылымдық - Мерриамның паравербальды коммуникация [3] және Монсонның аффектілік кодтар [30] концепцияларына сүйене отырып нақтыланды.

6. Метамодернизм парадигмасы аясында модификация дәстүрдің ыдырауы емес, оның тіршілік ету стратегиясы ретінде қайта бағаланды. Неттлдің «revitalization» концептісі [2] негізінде поп форматтағы дәстүрлі вокал

техникаларының жастар аудиториясы арқылы трансмиссиялық тізбекті сақтайтыны афроамерикандық госпелмен тарихи-салыстырмалы талдау арқылы дәлелденді.

7. Э. Саидтың постколониялық теориясы [10] мен Г. Спивактың субалтерн концепциясы [11] негізінде деколониялық вокалдық канон қалыптастырудың ғылыми үлгісі ұсынылды. Кеңестік консерватория жүйесінің мұражайландыру логикасына балама ретінде модификация моделі негізделіп, дәстүрлі вокалды меңгерген қазақ орындаушысының мәдени эмансипация арқылы өзін-өзі қалпына келтіру механизмі айқындалды. Н. Хомскийдің генеративтік грамматика тұжырымдамасы [31] -шектеулі ережелер жиынтығынан шексіз мәтін туындайды деген қағидасы -музыкалық құрылым талдауына да қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

8. Модификацияның үш буынды анықтамасы. Модификация -музыкалық дәстүрдің генетикалық ядросын сақтай отырып, функционалдық және семантикалық өрісін жаңа мәдени ортаға бейімдеу үдерісі. Бұл анықтама Мерриамның «music in culture» парадигмасы [3] және Нетлдің инвариантты ядро концепциясы [2] негізінде теориялық тұтастық құрады.

9. Секуляризация -модификацияның орталық механизмі. Афроамерикандық госпел вокалының тарихи тәжірибесі діни контекстен шыққан вокалдық кодтардың поп форматта аудиториясын кеңейте отырып, мазмұндық өзегін сақтайтынын дәлелдейді. Қазақ контекстінде далалық кеңістікте қалыптасқан вокалдық эстетика сахналық-студиялық ортада жаңа функционалдық мазмұнға ие болады. Хомскийдің генеративтік грамматика идеясы [31] осы үдерістің шектеулі ережелерден шексіз орындаушылық мүмкіндік туындайтынын түсіндіруге теориялық негіз береді.

10. Инвариантты ядро - аутенттілік кепілі. Қазақ дәстүрлі вокалының инвариантты ядросы: жылжымалы интонациялық жүйе, полиритмиялық тыныс логикасы (5/8, 7/8), одағайдың семантикалық функциясы, жыр регистрінің икемділігі және қайырма орнаментациясы. Осы ядроның сақталуы Бхабханың «үшінші кеңістігі» [9] аясында мүлде жаңа орындаушылық тілді туындатады.

11. Далалық эстетика - онтологиялық парадигма. Авторлық концепт ретінде «далалық эстетика» келесі қағидаларды қамтиды: дауыстың кеңістікте еркін таралуы, тембрлік нәзіктік пен әшекейлік дәлдіктің үйлесімі, домбырамен акустикалық симбиоз. Поп форматта бұл тек этникалық маркер емес -мәдени жады мен ұжымдық субъектіліктің дыбыстық архиві.

12. Одағайдың субвербальды семантикасы. «Ай», «ой», «дүние-ай» одағайлары Мерриамның паравербальды коммуникация концептісі [3] тұрғысынан сөздік мәтіннен тыс музыкалық семантика қабаты ретінде анықталады. Поп форматта олар екі функция атқарады: эмоционалдық жүктемесі бар вокализдік және кульминациялық-құрылымдық функция - Монсонның аффектілік кодтар теориясы [30] арқылы нақтыланды.

13. Модификация -дәстүрдің тіршілік ету стратегиясы. Нетлдің revitalization концептісі [2] негізінде поп форматтағы дәстүрлі вокал техникасы жастар

аудиториясына жетіп, трансмиссиялық тізбекті сақтайды. Метамодернизм аясында модификация жоғалту емес, дәстүрдің серпінді жаңғыру жолы ретінде бағаланады.

14. Деколониялық вокалдық канон. Саидтың постколониялық теориясы [10] тұрғысынан кеңестік консерватория жүйесі қазақ вокалдық дәстүрін экзотика объектісіне айналдырды. Ұсынылып отырған модификация моделі бұл логиканы бұзып, дәстүрді тірі шығармашылық ресурс ретінде қайта орнықтырады. Спивактың субалтерн концепциясы [11] аясында қазақ поп-вокал орындаушысының модификация арқылы мәдени агенттігін қалпына келтіруі - жаһандық сахнадағы ұлттық бірегейліктің дыбыстық жарияланым ретінде тұжырымдалады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы мен енгізілуі. Диссертацияның негізгі тұжырымдары халықаралық конференцияларда жасалған баяндамаларда ұсынылды, ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдарда үш ғылыми мақалада және Scopus деректер базасына енген журналдарда екі жарияланымда жарық көрді. Алынған нәтижелер оқу процесіне және орындаушылық тәжірибеге енгізіледі.

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК ұсынған журналдарға жарияланған мақалалар тізімі:

1. Мерует Мухсиынова, Зульфия Касимова «*Regional and stylistic features of the technique of performing Kazakh traditional songs*». Central Asian Journal of Art Studies, т. 8, № 3, 2023, б. 100-114

2. Мерует Мухсиынова «*Метамодерннің Қазақстан поп-музыкасындағы көрінісі*». Central Asian Journal of Art Studies, т. 9, № 2, 2024, б. 212-226, doi:10.47940/cajas.v9i2.869.

3. Мерует Мухсиынова, Иоаннис Кайсиди «*Types of vocal performance in traditional Kazakh music and their implementation in modern stage*» Central Asian Journal of Art Studies, т. 9, № 4, 2024, б. 205-220, doi:10.47940/cajas.v9i4.943.

Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) халықаралық ақпараттар ресурстарына кіретін журналдарда жарияланған мақалалар:

1. Mukhsiyanova, M., Kassimova, Z., Akat, A., & Mussagulova, G. (2025). Enhancing Cultural Identity through Music following Independence: The Case of Kazakhstani Musicians. Musicologist, 9(2), 404-417. <https://doi.org/10.33906/musicologist.1556611>

2. MUKHSIYNOVA, Meruyet; KASSIMOVA, Zulfiya; KASPAKOVA, Gaukhar; ABELTAYEVA, Janel; UMIRZAKOVA, Gaukhar. «Innovations in traditional vocal techniques: The integration of historical performance and contemporary stage practices». MÚSICA HODIE, Goiânia, v. 26, 2026. DOI: 10.5216/mh.v26.83190. Disponível em: <https://revistas.ufg.br/musica/article/view/83190>.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы: жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация көлемі – 136 бет. Пайдаланылған дереккөздер тізімі – 142 атаудан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі мен ғылыми жаңалығы негізделіп, зерттеу нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері, жұмыстың әдіснамалық негізі және қорғауға шығарылатын тұжырымдар айқындалады.

Бірінші бөлім «Вокалдық техникаларды зерттеудің концептуалдық негіздері» үш тараудан тұрады және зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін ашады.

1.1 тараушада – «Вокалдық орындаушылықтағы «техника» концептінің зерттеудің тарихи алғышарттары» – вокалдық орындаушылықтағы «техника» ұғымының тарихи-философиялық және теориялық қалыптасу негіздерін зерделеу міндетіне сай вокалдық техника ұғымдарының тарихи-теориялық және философиялық аспектілері салыстырылады, сондай-ақ концепт ретінде анықтайтын үш деңгей ретінде авторлық тұжырымдама ұсынылды. Вокалдық техника әр заманда өзгеріп отырды, алғашында тұрмыстық әндерден бастау алған вокал техникасы уақыт келе өзгеріп, түрленіп, заманына қарай өзгеріп отырды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, бұл тараудың ғылыми тұжырымы келесідей:

- «Техника» ұғымының бастапқы мағынасы тек практикалық шеберлікпен шектелмей, білім мен өнерді біріктіретін кең концептуалдық мазмұн қамтығанын көрсетті. Тарихи эволюция барысында бұл ұғым батыстық вокал теориясында біртіндеп тарылып, акустикалық-физиологиялық категорияға айналды. Шығыстық, соның ішінде қазақ дәстүрлі вокал теориясында «техника» ұғымы рухани-эстетикалық және мәдени мазмұнын сақтап қалды.
- Батыстық және шығыстық вокал теорияларының салыстырмалы талдауы екі дәстүрдің «техника» ұғымын түрлі өлшемде қарастыратынын айқындады: батыстық парадигмада техника орындаушылық аппаратты меңгеру құралы ретінде бағаланса, шығыстық дәстүрде ол мәдени бірегейлікті жеткізудің тәсілі ретінде функция атқарады. Осылайша, «вокалдық техника» ұғымының тек практикалық емес, концептуалдық мәні айқындалып, оның орындаушылық өнердегі мазмұндық, эстетикалық және мәдени функциялары сараланды. Бұл тұжырым келесі тараулардағы қазақ дәстүрлі вокал техникаларының поп-өрісінде модификациялану процесін талдаудың теориялық негізін қалайды.

1.2 тараушада – «**Модификация поп-вокалдық орындаушылықтың эволюциялық факторы ретінде**» – тарихи формаларын талдауға арналған. Зерттеу материалдары көрсеткендей, афроамерикан музыкасы нәсілдік соғыста вокал техникасы арқылы мәдени азаттық күресінің алаңына айналдырған. Бұл күрес халық әуендерін модификация арқылы түрлендіріп, әлемдік поп вокал техникаларын қалыптастырып, жаңа деңгейге шығарып, мәдени бостандық алды. Осы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мұндай мәдени күрес деколонизацияның негізгі қозғаушы құрал ретінде жақсы мысал бола алады. Атап айтқанда:

- Поп-вокалдық орындаушылық эволюциясындағы модификация құбылысының теориялық талдауы оның тек сыртқы стильдік өзгеріс емес, дәстүрлі вокалдық үлгілердің жаңа мәдени ортада тіршілік етуінің ішкі

механизмі екенін көрсетті. Афроамерикандық вокалдық стильдердің модерн және постмодерн кезеңіндегі эволюциясы модификацияның нақты тарихи үлгісі ретінде қарастырылып, дәстүрлі вокалдық кодтардың жаңа стильдік ортаға бейімделу логикасы айқындалды.

- Салыстырмалы талдау нәтижесінде модификация, трансформация, интерпретация және стильдік синтез ұғымдарының арақатынасы нақтыланды. Трансформация вокалдық жүйенің түбегейлі өзгеруін білдірсе, интерпретация бастапқы үлгінің орындаушылық тұрғыдан жаңаша оқылуын, стильдік синтез екі немесе одан да көп дәстүрдің тең дәрежеде біріктірілуін қамтиды. Модификация осы ұғымдардың ішінде ең кең мазмұнды категория ретінде анықталып, инвариантты ядроның сақталуы мен айнымалы компоненттің бейімделуін бір мезгілде қамтитын процесс ретінде сипатталды. Осылайша, модификация дәстүрлі вокалдық үлгілердің жаңа стильдік ортаға бейімделу тетігі ретінде теориялық тұрғыдан негізделіп, оның трансформация, интерпретация және стильдік синтез ұғымдарымен арақатынасы нақтыланды. Бұл тұжырым келесі тараулардағы қазақ поп-вокалындағы модификация процестерін нақты эмпирикалық материалда талдаудың концептуалдық негізін қалады.

1.3 тараушада – **«Қазіргі поп-музыкадағы вокалдық техникаларды зерттеу мен талдаудың әдістемелік негіздері»** – поп-вокалдық техникаларды талдаудың әдістемелік негіздерін айқындау мақсатында ғылыми таным үдерісінде орныққан негізгі парадигмалар мен олардан туындайтын зерттеу әдістеріне жалпы шолу жасалып, зерттеудің іргелі сипаттамасын түсінуге мүмкіндік береді.

- Қазіргі поп-музыкадағы вокалдық техникаларды зерттеу мен талдаудың әдістемелік мәселелерін қарастыру барысында музыкалогиялық талдаудың негізгі бағыттары жүйеленді. Вокалдық техникаларды орындаушылық-теориялық тұрғыдан зерттеуде қолданылатын әдістемелердің салыстырмалы талдауы олардың мазмұны, қолдану аясы және аналитикалық мүмкіндіктері жағынан ерекшеленетінін көрсетті. Акустикалық, спектрографиялық, орындаушылық-теориялық және этномузыкалогиялық талдау әдістерінің әрқайсысы вокалдық техниканың белгілі бір өлшемін ашуға мүмкіндік беретіні айқындалды.

- Зерттеу парадигмасының негіздері қалыптастырылып, диссертацияның аналитикалық аппараты анықталды. Таңдалған парадигма вокалдық техниканы тек акустикалық-физиологиялық құбылыс ретінде емес, мәдени-семантикалық жүйе ретінде қарастыруды көздейді. Бұл тұрғыдан алғанда, орындаушылық-теориялық талдау әдісі дәстүрлі вокалдық техникалардың поп-өрісіндегі модификациясын зерттеуде басымды әдіснамалық құрал ретінде негізделді. Осылайша, вокалдық өнерді, соның ішінде вокалдық техникаларды орындаушылық-теориялық тұрғыдан талдау әдістемелері зерттеліп, жүйеленді. Алынған әдіснамалық негіз келесі тараулардағы қазақ поп-вокалындағы нақты техникалық модификацияларды эмпирикалық талдаудың зерттеу құралын қалыптастырады.

Екінші бөлім «Қазақ дәстүрлі вокалдық техникаларының модификациясы: дәстүрлі дыбыстық қалыптасудан қазіргі поп-орындаушылық формаларға дейін» тарихи және этникалық контекстерде көрініс табатын ұлттық модель далалық эстетика құбылысы ретінде қарастырады. Мұнда ерекше назар ұлттық музыкалық мәдениетке аударылады, көшпелі дәстүр және жаһандану үдерістерінің синтезі негізінде қалыптасқан құбылыстың көріністері салыстырылды.

2.1 тараушада – «Қазақ халқының әншілік техникаларының ұлттық модельдері» – ұлттық модель негізіндегі *далалық эстетика* тұжырымдалды, бұл отандық поп вокал модификациясының ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақ ұлтының әншілік техникаларының ұлттық модельдерін қарастыру барысында дәстүрлі вокалдық жүйенің алты тарихи кезең -шамандық дәстүр, жыраулар дәуірі, сал-сері кезеңі, Ресей империясы кезеңіндегі алғашқы құжаттау, Кеңес дәуіріндегі институционалдық өзгерістер және тәуелсіздік кезеңіндегі жаңғыру -аясында қалыптасқаны анықталды. Аталған кезеңдердің әрқайсысы вокалдық техниканың тембрлік, интонациялық және орындаушылық сипатына елеулі із қалдырғаны дәлелденді.

Батыс Қазақстан, Арқа, Жетісу және Сыр бойы вокалдық мектептерінің салыстырмалы талдауы қазақ вокалдық мәдениетінің бірыңғай норма емес, өңірлік, гендерлік және жанрлық өзгешеліктерге байланысты саралана дамыған полицентрлік дәстүр екенін көрсетті. Ғ. Құрманғалиевтің тембрлік икемділік техникасы, С. Жанпейісованың артикуляциялық-орнаменттік жүйесі және Қ. Алтыбаевтың орындаушылық дайындық сатылары осы аймақтық ерекшеліктердің нақты аналитикалық үлгілері ретінде сараланды.

Жүргізілген талдау негізінде қазақ вокалдық жүйесінің *инвариантты ядросы* анықталды: микротональды интонациялық жүйе, полиритмиялық «тыныс», одағайдың семантикалық функциясы, жіңішке жыр регистрінің икемділігі және «қайырма» орнаментациясы осы ядроның құрамдас параметрлері ретінде нақтыланды. Инвариантты ядроның айналасындағы жиектеме ғана жаңа мәдени ортаға бейімделетіні, ал ядроның өзі сақталатыны дәлелденді. Бұл тұжырым Нетлдің «инвариантты ядро -айнымалы компонент» дихотомиясымен теориялық үндесуде тұрады.

Сондай-ақ тарауда *далалық эстетика* авторлық концепт ретінде негізделді. Дауыстың кеңістікті жаулауы емес, оны мекендеуі; үнсіздік пен дыбыстың ауыспалы қатынасы; тембрлік нәзіктік пен әшекейлік дәлдіктің жиынтығы; домбырамен акустикалық симбиоз -осы қағидалар «далалық эстетиканың» негізгі параметрлері ретінде айқындалды. Поп форматта «далалық эстетика» тек этникалық маркер емес, жаңа орындаушылық парадигманың онтологиялық негізі екені тұжырымдалды.

Бесінші тұжырым ретінде қазақ вокалдық дәстүріндегі «ай», «ой», «дүние-ай» одағайларының семантикалық функциясы нақтыланды. Мерриамның «паравербальды коммуникация» концептісі тұрғысынан аталған одағайлар сөздік мәтіннен тыс, бірақ музыкалық семантикаға кіретін субвербальды қабат ретінде анықталды. Олардың поп форматта вокализ функциясы және

кульминациялық эмоционалды апогей ретіндегі құрылымдық функция атқаратыны дәлелденді.

Осылайша, қазақтың дәстүрлі ән айту өнеріне тән интонациялық, дыбыстау, артикуляциялық, тембрлік және стильдік ерекшеліктер ұлттық вокалдык модельдер ретінде сараланып, олардың типологиялық белгілері нақтыланды. Ұсынылған концептуалдық модель келесі тараулардағы қазақ поп-вокалындағы нақты модификация процестерін эмпирикалық талдаудың нормативті-аналитикалық негізін қалайды.

2.2 тараушада – «Метамодернизм аясында қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының поп-вокалда модификациялану жолдары»

Метамодернизм аясында қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының поп-вокалда модификациялану жолдарын қарастыру барысында заманауи қазақ поп-орындаушыларының шығармашылығына контент-талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде метамодерндік осцилляция принципінің -модернизмнің шынайылық ұмтылысы мен постмодернизмнің иронизмі арасындағы динамикалық тербелістің - қазақ поп-вокалындағы нақты орындаушылық көрінісі айқындалды. Модификацияланған үш әннің дәстүрлі және поп нұсқаларына жүргізілген салыстырмалы орындаушылық талдау инвариантты ядро мен жиектеменің арақатынасын эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеді. Талданған үлгілерде дәстүрлі вокалдык техниканың негізгі параметрлері - интонациялық жүйе, одағайдың семантикалық функциясы, тембрлік икемділік -поп форматтың өндірістік және эстетикалық талаптарына бейімделе отырып сақталатыны анықталды. Бұл орайда орындаушы дәстүрлі техниканы ностальгиялық реставрация ниетімен де, ирониялық цитата ретінде де қолданбай, далалық вокалдык дыбыс идеалы мен поп-форматтың эстетикалық талаптарын бір орындаушылық актіде бір мезгілде ұстанатыны байқалды.

Осылайша, зерттеу барысында дәстүр мен жаңашылдықтың, ұлттық пен жаһандықтың, табиғилық пен сахналық өңдеудің тоғысуы негізінде қалыптасатын жаңа орындаушылық формалардың ерекшеліктері анықталды. Бұл формалар Х.К. Бхабханың «үшінші кеңістік» концептісі тұрғысынан не дәстүрдің, не поптың жай «аудармасы» емес, мүлде жаңа орындаушылық тіл ретінде сипатталды. Алынған нәтижелер алдыңғы тарауда негізделген ұлттық вокалдык модельдің эмпирикалық растауы ретінде қызмет етіп, модификацияның тіршілік ету стратегиясы екенін -яғни дәстүрді жоғалту үдерісі емес, оны жаңа аудиторияға жеткізудің механизмі екенін - нақты орындаушылық материалда дәлелдеді.

2.3 тараушада – «Қазіргі кездегі поп-вокалдык техниканың ұлттық бірегейлікті қалыптастыру принципі, механизмы және перспективалары»

Нетл, Саид, Бхабха және Агаву[32] теорияларының синтезі негізінде дәстүрлі вокалдык техниканың поп-жанрдағы модификациялану принциптерінің бес принциптік жүйесі айқындалды.

Бірінші принцип -ориенталистік репрезентациядан азаттық -дәстүрлі техниканы «этникалық безендіру» емес, шығарманың іргелі құрылымдық принципі ретінде қолдануды талап ететіні нақтыланды. Атап айтқанда,

еуропацентристік «композитор культінен» ажыратылып, энші-орындаушы-импровизатор моделін қайтару.

Екінші принцип - модификацияның нақты жаңа мәдени форма тудырғанда ғана өнімді екенін, яғни «үшінші кеңістіктің» музыкалық нұсқасын тудыратынын көрсетті. Заманауи поп-музыкадағы модификация негізінен мәдени контекст деңгейінде жүреді: орындаушылық және операциялық шешімдер түбегейлі өзгерген жағдайда да, далалық эстетиканың онтологиялық ядросы просодикалық инвариант пен аспаптық акустика арқылы сақталады. Бұл тұжырым модификацияны бұзу немесе жоғалту ретінде емес, дәстүрдің жаңа орындаушылық контексттерде өзін-өзі жаңғырту стратегиясы ретінде түсіндіруге негіз береді.

Үшінші принцип - плюралдық аналитика - аналитикалық категориялардың дәстүрлі жүйенің де, поп-стандарттың да ішкі логикасынан бір мезетте шығуын методологиялық талап ретінде белгіледі. Яғни, эн мәтініндегі просодиканың сақталуын қамтамасыз ету арқылы, просодикалық инвариант пен аспаптық акустикалық конвергенция -модификация процесінің екі тәуелсіз механизмі емес, бір жүйелік процестің өзара күшейтетін қырлары екендігі дәлелденді. Просодика тілдік компетенцияның вокалға автоматты ауысуы арқылы инвариантты ядроды сақтайды; аспаптық гармоника акустикалық матрица арқылы дәстүрлі вокалдық рефлексдерді белсендіреді. Екі механизм бір мезгілде жұмыс жасаған кезде конвергенциялық модификация пайда болады -орындаушы дәстүрлі техниканы саналы меңгермесе де, функционалды жағынан оған ұқсас вокалдық шешімге келеді. Төртінші принцип - өзектің сақталуы мен жаңаруы -модификацияның диалогтық сипатын қамтамасыз ететін инвариантты маркерлердің жоғалмауы шартын айқындады. Яғни, Роксонаки мен Ау Yola топтарының мысалы осы механизмнің жүйелік сипатын растады. Роксонаки жағдайында конвергенция негізінен просодикалық арна арқылы, Ау Yola жағдайында аспаптық акустикалық арна арқылы жүзеге асады. Алайда екі жағдайда да *далалық эстетиканың* онтологиялық логикасы жаңа технологиялық контекстте өзін-өзі жаңғыртады. Бұл модификацияның жеке орындаушылық таңдауға тәуелді емес, тілдік-акустикалық жүйенің өзіне тән заңдылықтарынан туындайтынын көрсетеді.

Бесінші принцип - деколониалдық потенциал - алдыңғы төрт принциптің синтезі ретінде дәстүрлі вокалдық техниканың поп-жанрдағы модификациясын тек эстетикалық емес, мәдени-саяси мақсат ретінде тұжырымдады.

Болашақтағы даму бағыттары бес перспектива арқылы айқындалды: дәстүрлі вокалдық техниканың поп-жанрда саналы қолданылуының кеңеюі, ұлттық модельге негізделген тәжірибелердің жанрлық әртараптануы, қазақ вокалдық педагогикасының жаңартылуы, мәдени саясат деңгейіндегі «сақтау» логикасынан «дамыту» логикасына ауысу және жасанды интеллект дәуіріндегі жаңа мүмкіндіктер мен тәуекелдер.

Осылайша, дәстүрлі вокалдық техникалардың поп-орындаудағы қолданысы ұлттық кодты сақтау мен жаңғыртудың көркемдік құралы ретінде бағаланып,

оның болашақтағы даму бағыттары айқындалды. Дәстүрлі вокалдық техника - өткеннің мұрасы ғана емес, болашақтың ресурсы екені теориялық және эмпирикалық тұрғыдан дәлелденді.

Қорытынды: Зерттеу нәтижелері дәстүрлі қазақ вокалдық техникаларының заманауи поп-музыкадағы модификациясы мәселесін кешенді теориялық және аналитикалық тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік берді. Модификация үдерісі үш буынды анықтама арқылы теориялық тұрғыдан нақтыланды: генетикалық ядроның тұрақтылығы, функционалдық өрістің өзгеруі және семантикалық мазмұнның жаңа мәдени ортаға бейімделуі. Бұл тұжырымдама модификацияны дәстүрдің жоғалуы немесе деградациясы ретінде емес, оның жаңа мәдени кеңістікте тіршілік ету стратегиясы ретінде бағалауға теориялық негіз берді.

Қазақ дәстүрлі вокалының инвариантты ядросы типологиялық тұрғыдан айқындалды: жылжымалы интонациялық жүйе, полиритмиялық тыныс логикасы, одағайдың субвербальды семантикасы, жыр регистрінің икемділігі және қайырма орнаментациясы. Осы ядроның поп форматта сақталуы аутентичность пен жаңашылдықтың үйлесімін қамтамасыз ететіні дәлелденді. Авторлық *далалық эстетика* концептісі поп форматтағы қазақ орындаушыларының онтологиялық ұстанымын білдіретін эстетикалық парадигма ретінде негізделді. Бұл концепт этникалық маркер ғана емес - мәдени жады мен ұжымдық субъектіліктің дыбыстық архиві екені теориялық тұрғыдан дәлелденді.

Секуляризация механизмі модификацияның орталық эволюциялық факторы ретінде зерделенді. Афроамерикандық госпел вокалымен салыстырмалы талдау негізінде дәстүрлі вокалдық кодтардың поп форматта жаңа аудиторияға жетіп, трансмиссиялық тізбекті сақтайтыны нақтыланды. Метамодернизм парадигмасы аясында бұл үдеріс дәстүр мен заманауи форматтың осцилляциялық синтезі ретінде сипатталды.

Деколониялық вокалдық канон тұжырымдамасы Саид, Спивак және Миньоло концепциялары негізінде ғылыми тұрғыдан негізделді. Кеңестік консерватория жүйесінің мұражайландыру логикасына балама ретінде ұсынылған модификация моделі дәстүрді тірі шығармашылық ресурс ретінде қайта орнықтырып, қазақ поп-вокал орындаушысының жаһандық мәдени кеңістіктегі агенттігін қалпына келтірудің механизмі ретінде анықталды.

Жалпы қорытындылай келе, дәстүрлі қазақ вокалдық техникаларының заманауи поп-музыкадағы модификациясы - жай стильдік синтез немесе эклектика емес, ол ұлттық вокалдық дәстүрдің жаңа заман талаптарына сай жаңғыруының заңды жолы екені дәлелденді. Осы үдеріс жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтаудың мәдени стратегиясы ретінде қазақстандық академиялық музыкатану ғылымына жаңа теориялық өлшем қосады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоқаев, Қ-Ж.К. Ұлттық құндылықтарды әлемге насихаттау қажет:[сұхбат]/Қ-Ж.К. Тоқаев //Qazaqstan.tv. - URL: <https://qazaqstan.tv/news/177665> (жүгіну күні: 23.03.2026).
2. Nettl, B. The Study of Ethnomusicology: Thirty-one Issues and Concepts / B. Nettl. - 2nd ed. - Urbana : University of Illinois Press, 2005.
3. Merriam, A. P. The Anthropology of Music / A. P. Merriam. - Evanston : Northwestern University Press, 1964. - 358 p.
4. Жұбанов, А. Қ. Замана бұлбұлдары / А. Қ. Жұбанов. - Алматы, 1968. - 392 б.
5. Елеманова, С. Казахское традиционное песенное искусство / С. Елеманова. - Алматы : Дайк-Пресс, 2000. - 187 с.
6. Утегалиева, С. И. Звуковой мир музыки тюркских народов: на материале инструментальных традиций Центральной Азии : дис. ... д-ра искусствоведения : 17.00.02 / С. И. Утегалиева. - Москва, 2016. - 527 с.
7. Байгаскина, А. Ритмика казахской традиционной песни / А. Байгаскина. - Алматы, 1991.
8. Vermeulen, T. Notes on metamodernism / T. Vermeulen, R. Van den Akker // Journal of Aesthetics and Culture. - 2010. - Vol. 2, № 1. - P. 1-14. - DOI: 10.3402/jac.v2i0.5677.
9. Bhabha, H. K. The Location of Culture / H. K. Bhabha. - London : Routledge, 1994.
10. Said, E. W. Orientalism / E. W. Said. - New York : Pantheon Books, 1978. - 368 p.
11. Spivak, G. C. Can the Subaltern Speak? / G. C. Spivak // Marxism and the Interpretation of Culture / eds. C. Nelson, L. Grossberg. - Urbana : University of Illinois Press, 1988. - P. 271-313.
12. Mignolo, W. D. Local Histories/Global Designs: Coloniality, Subaltern Knowledges, and Border Thinking / W. D. Mignolo. - Princeton : Princeton University Press, 2000. - 371 p.
13. Затаевич, А. В. 1000 песен казахского народа (песни и кюи) / А. В. Затаевич. - 2-е изд. - М. : Музгиз, 1963. - 606 с.
14. Ерзакович, Б. Г. Песенная культура казахского народа : музыкально-историческое исследование / Б. Г. Ерзакович. - Алма-Ата : Наука КазССР, 1966. - 401 с.
15. Ахметова М. М. Традиции казахской песенной культуры. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 128 с.
16. Mukhambetova, A. Philosophical Problems of Being in the Art of the Kazakh Kūyshi / A. Mukhambetova // Yearbook for Traditional Music. - 1990. - Vol. 22. - P. 36-41.
17. Бегалинова, Г. Ә. Қазақтың музыкалық тілінің жүйесі : монография / Г. Ә. Бегалинова. - Алматы : Т. Жүргенов атындағы ҚазҰОА, 2018. - 144 б. - ISBN 978-601-265-314-4.
18. Амирова Д. Ж. Казахская профессиональная лирика устной традиции (песенное искусство Сарыарки): монография. – Алматы: КНК им. Курмангазы, 2021.

19. Бердибай, А. Р. Музыкально-поэтическая структура казахских традиционных песен : дис. ... д-ра философии (PhD) : 6D041600 / А. Р. Бердибай. - Алматы, 2017.
20. Сабырова, Ә. С. Ежелгі дәуір қазақ музыкасы : жоғарғы музыкалық білім беретін арнаулы оқу орындарына арналған оқулық / Ә. С. Сабырова. - Алматы, 2016. - 216 б. - ISBN 978-601-7232-97-9.
21. Бәбіжан, Б. Қазақтың кәсіби әншілік өнерінің қалыптасуы мен орындаушылық ерекшеліктері / Б. Бәбіжан // Қазақ ән-жыр дәстүрінің тарихы және орындаушылық өнер : мақалалар жинағы / құраст. С. Жанпейісова, Б. Бәбіжан. - Алматы : Arna-b, 2026.
22. Жанпейісова, С. Ф. Құрманғалиевтің орындаушылық шеберлігі жайында / С. Ф. Жанпейісова // ҚР ҰҒА «Хабаршы». Филология сериясы. - 2000. - № 1. - Б. 62-65.
23. Шүкіманов, Е. Т. А. В. Затаевичтің этнографиялық жинақтарындағы әндерді жаңғырту мәселелері / Е. Т. Шүкіманов // Ғасырлар кеңістігіндегі көне сарындар: А. В. Затаевичтің 150 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы, 2019. - 232 с.
24. Абдрахман, Г. Современное самодеятельное песнетворчество в казахской музыкальной культуре / Г. Абдрахман. - Алматы : Фонд Сорос-Казахстан, 2002. - 175 б. - ISBN 965-13-484-7.
25. Айтуарова, А. Народные традиции в массовой музыке Казахстана (на примере творчества Н. Тлендиева) : дис. ... канд. искусствоведения / А. Айтуарова ; НИИ искусствознания им. Хамзы Хаким-заде Ниязи. - Ташкент, 1993. - 26 с.
26. Кайсиди, И. Г. Становление вокально-эстрадного исполнительства в современном искусстве Казахстана : дис. ... д-ра философии (PhD) : 6D040800 / И. Г. Кайсиди ; КазНАИ им. Т. К. Жургенова. - Алматы, 2018. - 157 с.
27. Мухитденова, Б. М. Развитие музыкальной эстрады Казахстана и артистизма исполнителей: дис. ... д-ра философии (PhD) : 6D041600 / Б. М. Мухитденова ; КазНАИ им. Т. К. Жургенова. - Алматы.
28. Әуезов, М. О. Қазақ әдебиетінің тарихы : фольклорға арналған том / М. О. Әуезов. - Алматы : Қазақстан ССР ҒА баспасы, 1960.
29. Сейдімбек, А. Қазақтың ауызша тарихы / А. Сейдімбек. - Астана : Күлтегін, 2008. - 728 б.
30. Monson, I. Saying Something: Jazz Improvisation and Interaction / I. Monson. - Chicago : University of Chicago Press, 1996. - 266 p. - (Chicago Studies in Ethnomusicology). - ISBN 0-226-53477-4.
31. Хомский Н. Синтаксические структуры / Н. Хомский. – 2-е изд. – Берлин ; Нью-Йорк : De Gruyter Mouton, 2002. – 117 с. – ISBN 3-11-017279-8.
32. Agawu, K. Representing African Music: Postcolonial Notes, Queries, Positions / K. Agawu. - New York : Routledge, 2003.